

4 дәуір. Музейлік білім берудегі әлеуметтену сатыларының ерекшеліктері

Жоспар:

1. Мектепке дейінгі және бастауыш сынып оқушылары
2. Жасөспірімдер
3. Жастар

Музей статусын әлеуметтік мәдени институт ретінде қарастыра отырып, балалардың, жасөспірімдердің және жастардың әлеуметтену сатыларына тоқталайық:

1. Теңестіру кезеңі (3 жастан бастап) «сенсомоторлы, сөйлеуге дейінгі, практикалық ойлаудың» құрылуы мен қалыптасу, яғни баланың өзін қоршаған ортамен теңестіру кезеңі.

2. Түзету кезеңі (3,5 жас) интуициялық ойлаудың жоғары болуымен және «неге?» деген басты сұрағына жауап алуға, өзіне жақын адамдардың мінез-құлық ережелері мен талапқа сай болуға ұмтылысымен сипатталады. Осы сатыда балалардың ортақ мақсатқа бағытталған қызметі пайда болады, осының барысында олар басшылық ету мен бағынуға үйренеді.

3. Ұстамсыздық кезеңі (6 жастан 10 жасқа дейін) баланың өз әлеуметтік ой-өріс кеңейтуге ұмтылысымен сипатталады. Ол нәтижесінде өзін-өзі бағалау, өзіне көңіл бөлу және өзіне талап қою сынды нақтылы операциялар кезеңімен келеді.

4. Конвективті кезең (11 жастан 15 жасқа дейін) «жарылыс қаупінің» туындауымен сипатталады. Жасөспірім әрдайым туындаған дау-жанжалды жағдайлардан шығудың жолын іздейді. Ата-анасымен, достармен және басқада ересектермен өзара қатынастың әлеуметтік жүйесін қалыптастырады. Жолдастарының пікірі ерекше құндылыққа ие болады, солармен бірге барлық мәселелерін шешеді және өмірлік қағидасы қалыптасады.

5. Концептуальды саты — 16-20 жасаралығын қамтиды және дербес өмірге шығумен және өз тағдырын өзі шешу қажеттілігімен сипатталады. Кәсіп таңдау барысында өмір жолын нақтылап, өзінің дербес көзқарастарын жүйелейді.

Әлеуметтену сатысында суреттелген кезеңдер тәрбиелік мағынаға ие болады. Бірақ олардың арасында айырмашылықтар бар. Себебі, педагогикалық тәрбиелеу - құндылықтарды қалыптастыру және меңгеру болса, әлеуметтендіру – бұл өмірлік тәжірибе, онда индивид ойлау жүйесінде немесе шығармашылықта, оқуда немесе жұмыста ол жеке дара және тәуелсіз тұлға.

Көркем музейлерде сақталған өнер туындылары әлеуметтенуде ерекше орынға ие. Заманаралық байланыстырушы буын рөлін атқарушы өнер қоршаған ортаны қабылдауға мүмкіндік береді, жаңа білім алуға, бұрын белгісіз болған дүниені ашуға, ең алдымен — адамды тануға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда музей педагогикасы бүгінгі қоғамның әлеуметтік және мәдени интеграциясының құралы болып табылады. Әлеуметтік мәдени бірлікті қалыптастыру дегеніміз, бір жағынан, музейдегі өркениет институтын

дәстүрлендіру, музеймен жүйелі педагогикалық байланыс орнату. Екінші жағынан, мәдени мінез-құлықта іскерлік пен дағдыны қалыптастыру. Бұл қағидалардың көрінісі мәдени шығармашыл мектептердегі концепциялардың туындауына алып келді (А.П. Валицкая).

Жылдам өзгеріске түсуші бүгінгі заман талабына сай өзін-өзі жетілдіру және дамытуға бағытталған тұлға мен идеал арасындағы және мәдени құндылықтар арасындағы диалогтің қайнар көзі музей болып табылады. Бүгінгі музейдің білімдендіру қызметі нағыз мәдени институтқа айналдырады.

Музейдің әлеуметтік рөліне қайта тоқталсақ, музейлік ортаның маңызын атап көрсете аламыз.

XIX ғ.-XX ғ. бірінші жартысындағы музейдің білімдендіру қызметінің тәжірибесі музейдің кәсіптік және жеке дара білім алушылық екі тобын анықтауға мүмкіндік берді. Бірінші топқа, техникалық, нақты ғылыми, этнографиялық, тарихи, өлкетанулық және өнер бейініндегі музейлер жатады, ал екінші тобына — педагогикалық, мектеп және балаларға арналған кәсіби емес музейлер жатады. Осы аталған музейлердің тобы білімдендіру және әлеуметтік-демалыс мекемелерінде ерекше орынға ие болып келеді.

Мектеп музейлері балалардың шығармашылық еңбегінің ортасы бола отырып, оқушылардың қоршаған ортаға деген қызығушылығын оятып қана қоймай, сонымен қатар, олардың бойында қажетті дағдылар қалыптастырады. Ол мұғалімнің жоғарғы кәсіби біліктілігін арттыратын құрал болды.

Кеңестік уақытта мектеп музейлері, өзінің ең басты құндылығын жоғалтып, мектеп тарихын көрсететуде тек басшылардың жетістіктерін көрсететін музейге айналды. Бірақ осы мектеп музейлері ұжым өмірінің мәні мен мағынасын, сапасын көрсететін педагогикалық және өлкетанулық орталыққа айналуы керек еді. Соңғы жылдардағы мектеп музейлеріне деген қызығушылық оның дамуына, мұғалімдер мен балалар аудиториясына педагогикалық жағынан негізделген жаңа серпіліс берді.